



НОТАРИУСТЫҢ ӘДЕП КОДЕКСІ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы нотариусының әдеп кодексі (бұдан әрі - Кодекс) «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – «Нотариат туралы» Заң), Республикалық нотариаттық палата Жарғысына сәйкес әзірленген.

2. Кодекс кәсіби, жеке және корпоративті қағидаттарынан, жүріс-тұрыстың негізгі ережелерінен, нотариаттық іс-әрекет жасауға жүгінген тұлғалардың, мамандығы бойынша әріптестерінің, нотариаттық палатаның, мемлекеттік билік органдары мен жергілікті атқарушы органдардың, қоғамның, бұқаралық ақпарат құралдарының алдындағы нотариустың этикалық міндеттерінің жалпы қағидаттарынан құралады.

3. Кодекстің мақсаты – кәсіби қызметін атқару барысында нотариус жүріс-тұрысының этикалық жоғары деңгейін қалыптастыру, қызметтік міндеттерін әділ және мінсіз атқаруға жәрдемдесу, нотариаттық іс-әрекет пен лайықты жүріс-тұрыс қағидаттарын сақтау, сонымен қатар нотариус пен қоғам арасында сенімді орнату, нотариус мамандығының беделі мен абыройын қорғау.

Нотариус кәсіби әбеп қағидаттарын сақтауға, оларды нотариаттық мамандықтың мақсатын және ерекшелегін ескере отырып ұстануға, сонымен қатар мемлекет пен қоғамға қатысты қабылдаған сертін сақтауға тиіс.

Нотариус әдеп нормаларын бұзған жағдайда, «Нотариат туралы» Заңның 24-1 бабына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

4. Осы Кодекстің ережелері жеке практикамен айналысатын нотариустарға (бұдан әрі - нотариус) таралады және міндетті.

II. Нотариустың кәсіби қызметінің қағидаттары

5. Заңдылық

5.1. Нотариус өзінің кәсіби міндеттерін атқару барысына Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік актілерін, Қазақстан Республикасымен бекітілген халықаралық шарттарын, аумақтық нотариаттық палаталардың (бұдан әрі - АНП) жарғыларын, АНП және Республикалық нотариаттық палата (РНП) органдарының шешімдерін, сонымен қатар осы Кодексті басшылыққа алуы тиіс.

5.2. Нотариус нотариаттық іс-әрекетті жүзеге асыру барысында өзіне жүгінген тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайды, осылайша

ол қоғамдық мүдделердің қорғалуына, заңның үстемдігін орнатуға өз үлесін қосады.

6. Тәуелсіздік және бейтараптылық

6.1. Нотариус нотариаттық әрекетті жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болып табылады және ол қоғамдық пікірге, мемлекеттік органдардың қысымына, сонымен қатар іске қатысы бар тұлғалардың тікелей немесе жанама ықпалына бағынбайды; оның шешіміне заңнан басқа ешнәрсе әсер ете алмайды.

6.2. Нотариус нотариаттық іс-әрекеті құқықтары мен мүдделеріне қатысты болатын барлық тұлғаларға бейтараптылығын сақтай отырып, өзіне жүгінген тұлғалардың мүдделері өзінің жеке мүддесімен салыстырғанда басым болуы үшін іс-әрекет жасауы тиіс.

6.3. Нотариус

- өзіне нотариаттық іс-әрекет жасауды өтінген тұлғаларға туыстық, достық және қалыптасқан қарым-қатынас, ұнату сияқты жеке байланыс негізінде артықшылық жасай алмайды;

- бір тараптың екінші тарап алдында, бір нотариаттық іс-әрекет жасауды өтінген тұлғаның екіншісінің алдында артықшылық алуы үшін ашық немесе жасырын болысушылық көрсете алмайды.

7. Нотариаттық іс-әрекет құпиялылығы

7.1. Нотариус нотариаттық іс-әрекет құпиялылығын және нотариаттық құжаттардың, сонымен қатар ұсынылған мағлұматтардың, оның ішінде дербес деректердің құпиялылығын сақтауға тиіс.

7.2. Нотариус бөгде адамдардың нотариаттық құжаттарға, оларға қатысты іс-қағаздарға, басқа да ақпарат арналарына қол жеткізуіне жол бермеуге тиіс.

7.3. Нотариус өзімен бірге жұмыс істейтін барлық тұлғалардан нотариаттық қызметіне байланысты құпиялылықты сақтауды талап етеді.

8. Әділдік, адамгершілік және құрмет

8.1. Нотариус өз міндеттерін адал, әділ және лайықты түрде атқарады, өз қызметі барысында кез келген жағдайда ұстамдылығы мен жеке адамгершілігін сақтай отыра, шыдамдылық, сыпайылық, әдептілік таныту арқылы адамдармен қарым-қатынас мәдениетінің жоғары талаптары мен критерийлерін қамтамасыз етеді.

8.2. Нотариус әрқашан өзінің мамандығына тән әділдікпен әрекет етеді.

8.3. Нотариус құрметті алып тастау мүмкін емес, ол тек жоғалуы мүмкін деген қағидатқа сүйенуі тиіс.

9. Кәсіби құзыреттілік

Нотариус өз мамандығы аясында қазіргі заманғы білімді игеріп, кәсіби біліктілігін арттырып отырады, оқуларға қатысады, өзінің кәсіби тәжірибесі мен дағдысын жаңартып отырады.

10. Әділ бәсекелестік

10.1. Нотариус нотариаттық іс әрекет жасауды өтінген тұлғаның нотариусты еркін таңдау құқығын құрметтейді және өзінің кәсіби қызметіне жарнама жасай алмайды. Нотариустың аты-жөніне, жұмыс уақытына және

орнына, сонымен қатар байланыс құралдарының нөмірлеріне байланысты жарияланған ақпараттар жарнама болып саналмайды.

10.2. Нотариус «Нотариат туралы» Заңда көрсетілген жағдайлардан басқа реттерде нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тарта алмайды.

10.3. Нотариус жосықсыз бәсеке қағидатына сүйенеді.

10.4. Жосықсыз бәсекеге:

- жеке және заңды тұлғалармен алдын ала сөз байласуымен олардың басқа тұлғаларды нотариусқа жақсы маман ретінде көрсете отырып жіберуі арқылы тұлғалардың еркін таңдау құқығын бұзу;

- жеке және заңды тұлғаларды басқа нотариустарға қарағанда ақысының төмендігімен тарту;

- нотариаттық іс-әрекет жасауды реттейтін заңмен бекітілген ережелерге қайшы келетін нотариаттық іс-әрекеттерді жасау;

- айтарлықтай күшті талап ететін, ақысы төмен нотариаттық іс-әрекеттерді жасау үшін тұлғаларды басқа нотариусқа жіберіп, өзінің тек ақысы жоғары нотариаттық іс-әрекеттерді жасауы жатады.

II. Нотариустың нотариаттық іс-әрекет жасауды өтінген тұлғалармен өзара қарым-қатынасы

11. Нотариус нотариаттық іс-әрекет жасауға жүгінген тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін заңнамаға сәйкес қамтамасыз етеді.

12. Нотариус нотариаттық іс-әрекеттер жасау барысында тұлғаларға, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруға жәрдемдеседі, олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, заңнан бейхабарлығының зияны тимеу үшін жасалынатын нотариаттық іс-әрекеттердің салдарын ескертеді

14. Нотариус өзінің нотариаттық қызметінде жеке мүдделеріне байланысты жанжалға жол бермейді.

15. Тараптардың өзара дауына нотариаттық іс-әрекет себеп болған жағдайда, нотариус әрқашан оларды татуластыруға тырысады. Нотариаттық іс-әрекетке байланысты өрбіген дауда нотариус бір тараптың мүддесін екінші тараптың алдында білдіре алмайды.

16. Нотариус тұлғаның өтініші бойынша заң талаптарына қайшы келмейтін нотариаттық іс-әрекеттерді жасайды..

17. Нотариаттық іс-әрекет Қазақстан Республикасының заңнамасына сай келмеген жағдайда, нотариус ол іс-әрекетті жасаудан бас тартуға міндетті.

Нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартқан нотариус өзіне жүгінген тұлғалармен дауласпай, бас тартуға шағымдану тәртібін түсіндіріп, бас тарту себептері көрсетілген қаулыны ұсынады.

18. Нотариус әр нотариаттық іс-әрекет жасау алдында нотариаттық іс-әрекет жасауға жүгінген тұлғаларға ҚР-ның қолданыстағы заңнамасына сәйкес тарифтер туралы ақпарат беруі тиіс

19. Нотариус кәсіби міндеттемелерін орындау барысында келесілерге жол бермеуі тиіс:

- дәлелсіз себеппен белгіленген жұмыс тәртібі мен кеңсеге қойылатын талаптарды бұзуы;
- заңнамада көзделген жағдайларда нотариаттық іс-әрекетті жасауға жүгінген тұлғаларға барудан негізсіз бас тартуы.

III. Нотариус пен нотариаттық палатаның қарым-қатынастары

20. Нотариус нотариаттық палатамен қарым-қатынастарында, нотариустардың нотариаттық палатаға міндетті мүшелігі туралы заңнама талаптарын басшылыққа ала отырып, келесілерге міндетті:

- нотариаттық палатаға қойылған міндеттердің орындалуына қатысу;
- палата жиналысының жұмысына және онымен ұйымдастырылатын кәсіби іс-шараларға қатысу;
- кәсіби біліктілікті көтеру, оқыту және жұмыс тәжірибесімен алмасу шараларына қатысу;
- нотариаттық палатаға уақытылы және толық көлемде мүшелік жарналарды және нотариустардың жалпы жиналысымен бекітілген басқа да төлемдерді төлеу;
- нотариустың кәсіби міндеттерін орындау бойынша мәселелерді қарастыру және шешу үшін палата басқармасының шақыруы бойынша келу;
- палата органдарының сұраулары бойынша құжаттарды ұсыну, сонымен қатар олардың құзыреті шегінде қаралатын мәселелер бойынша жазбаша және ауызша түсініктеме беру;
- бекітілген нысан бойынша белгіленген уақытта палатаға статистикалық мәліметтер беріп отыру;
- нотариаттық палата органдарының шешімдерін орындау;
- кәсіби қызметін атқару барысында өзіне қысым көрсетілген жағдайда нотариаттық палатаға хабарлау;
- аумақтық нотариаттық палаталардың Жарғы ережелерінің талаптарын сақтау.

V. Нотариустың әріптестермен және нотариаттық қоғамдастықпен қарым-қатынастары

21. Нотариус әріптестері мен нотариаттық қоғамдастық арасындағы қарым-қатынаста келесілерге міндетті:

- кәсіби бойынша әріптестерімен өзара сыйластық, сенімділік және кәсіби өзара әрекеттестік қағидаттары негізінде қатынастар орнату, сыпайылық пен тілектестік білдіруге;
- қызметіне әсер етуі мүмкін мәселелер бойынша және кәсіби әлеуетті қиындықтар туралы, сондай-ақ кәсіби ынтымақтастықты талап ететін басқа да мәселелер туралы ақпараттандыра отырып, әріптестеріне қатысты кішіпейіл және әдепті болуға;

- нотариаттық қызметке қатысты әріптестерінің сұраулары мен өтініштеріне жедел және анық жауап беруге;

- бірлескен және кәсіби ынтымақтастық пен қызметінің және барлық нотариаттық қоғамдастықтың беделіне деген қамқорлық аясында жас әріптестеріне көмек көрсету және кәсіби тәжірибе беруге.

22. Нотариус әріптестері арасындағы қарым-қатынаста келесілерге құқығы жоқ:

- өз біліктілігін сипаттай отырып, әріптестерінің абыройын, кәсіби қадір-қасиеті мен беделін төмендетуге;

- жосықсыз бәсеке жүргізуге;

- жеке жарнамамен айналысу, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және/немесе ғаламтор қорларында, нотариаттық қызметке тікелей қатысы жоқ құрметті атақтарға, ғылыми дәрежелерге және өзінің біліктілігінің қосымша ерекшеліктеріне сілтеме жасау жолымен өзіне және өз қызметіне жарнама жасауға;

- әріптестерінің кәсіби және іскерлік қасиеттерін бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеу арқылы, сонымен қатар ғаламтор қорларында, әлеуметтік желілерде, ұялы қосымшаларда талқылау, олар жайлы пікірлер білдіру ақылы жария түрде мінеуге;

- Жалпы жиналыстың, Съез делегаттарының келісімінсіз АНП өкілдері Съезінің, жалпы жиналыстарының бейнематериалдарын таратуға;

- басқарманың немесе палата төрағасының алдын ала келісімісіз кәсіби сұрақтар бойынша АНП атынан бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеуге.

VI. Нотариустың мемлекеттік билік органдарымен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара қарым-қатынасы

23. Нотариус өзінің жоғары мәртебесі мен заңгерлік кәсібіне сәйкес мемлекет және сот билігінің органдарын құрметтеуге міндетті.

24. Мемлекеттік биліктегі уәкілетті орган өкілдерімен тиісті кәсіби қарым-қатынаста болуға міндетті, сонымен қатар ұқыпты, жауапты, әдепті және сыпайы болуы керек.

25. Нотариус әділет органдарымен нотариаттық қызмет аясындағы жариялы-құқықтық реттеу мақсаттарын жүзеге асыруда атсалысуға, әділет органдарына мемлекеттік билікті жүзеге асыруға жәрдемдесуге міндетті.

26. Нотариус өзінің кәсіби қызметін атқару барысында биліктің барлық тармақтарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдеріне қатысты тәуелсіз, объективті, заң талаптарын қатал орындауға тиіс.

27. Заңнама талаптарына сәйкес өз құзыреті шегінде әрекет ететін уәкілетті органдар мен лауазымды тұлғалармен сұралатын құжаттарды белгіленген мерзімде ұсынуы, ал қажет болған жағдайда нотариаттық іс-әрекеттерді жасаудың құпиялығы туралы заңнама талаптарын сақтай отырып, істерді қарау мен мәселелерді шешуге қатысу үшін өзі келуі міндетті.

28. Нотариус мемлекетпен берілген өкілеттігінің нышаны – елтаңбалық мөрін ұқыпты сақтауға тиіс. Мөрді жоғалтып алған жағдайда, нотариус тез арада жоғалтып алғаны туралы әділет орғандары мен АНП хабардар етеді.

VII. Қоғаммен, бұқаралық ақпарат құралдарымен және әлеуметтік желілермен қарым-қатынасы

29. Нотариус қоғаммен, бұқаралық ақпарат құралдарымен ашық және тілектестік қатынаста болады, өзіне жүктелген құпиялылықты сақтау міндетін бұзбайды және қауымдастықтың қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты мағлұматтарды жариялауға құқығы жоқ.

30. Нотариус қоғам алдында өз әріптестерін қараламайды, мемлекеттік, сот және басқа да ресми билік қызметіне баға бере алмайды, сонымен қатар өзін бірінші орынға қоя алмайды.

31. Нотариустың үшінші тұлғаларға өз қызметінің сипаты мен мәні туралы жалған, толық емес және қателікке әкеп соғатын мәліметті беруіне жол берілмейді.

32. Нотариус нотариат қауымдастығының беделін түсірмей, пікірталасты әдепті түрде жүргізуі тиіс.

33. Нотариус азаматтар мен ұйымдарды орналасқан орны мен жұмыс уақыты туралы хабарландыруға міндетті.

34. Нотариустың маңдайшасында «Нотариус» деген жазу, сонымен қатар үй-жайына кіретін жерде жұмыс уақыты жазылуы тиіс.